

«Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабы

С.Торайғыров атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен және Ғұламалар кеңесінің бекітуімен жарық көрген «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Жиынға қатысқан қала, аудан, ауыл мешіттері имамдары, Павлодар қаласының зиялы қауым өкілдері мен ақсақалдар, алқа мүшелері кітап туралы ойларын ортаға салды. Кітапта қазіргі қоғамда көп талқыланып жүрген «қабір басына кесене тұрғызып, белгі қою», «мұсылман зиратының талаптары мен қағидалары», «діни жоралғыларды бір жүйеге келтіру» сынды мәселелердің қамтылғандығына оң пікір білдірді.

Өкіл имам Нариман қажы өз сөзінде «Бұл кітап Ғұламалар кеңесінде 3 жыл қаралып, дайындалды. Кітапта жаназаға қатысты үкімдер топтастырылды. Қайтыс болған кісіні



жерлеу, құдайы ас пен садақа берудің әдебі жан-жақты қамтылды. «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабын шығарудағы негізгі мақсат – еліміз бойынша діни рәсімдерді бірізге келтіру, ысырапқа, шариятқа қайшы әдеттерге жол бермеу. Сондықтан «енді менің ойымша...» деген сөздерді азайтып, тек осы кітаппен амал ету қажет» екендігін баса айтты.

«Мәшһүр Жүсіп» мешітінің
баспасөз қызметі